



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Асыл Смағұлова – ұстаз, ғалым-педагог

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025



Асыл Смағұлова (1950)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

Асыл Смағұлова – ұстаз, ғалым-педагог

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
С 52

***А. Смағұлованың 75 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Жумабаев
Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы.
2025. – 35бет.***

АЛҒЫ СӨЗ

Ғылым майданның қатарындағы
жауынгері, тек үнемі оқу, іздену, талпыну,
тану өмір мектебіне өту арқылы ғана оның
ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.
Қаныш Сәтбаев

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш ұстаз, ғалым-педагог Асыл Смағұлованың туғанына 75 жыл толуына арнап шығарылған. Көрсеткіште ғалымның өмірбаяны, қызметі, еңбектері, марапаттары туралы мәліметтер жүйесі енгізілген. Асыл Смағұлова Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университетінде 1998 жылдан бері қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде бірнеше монографиялары мен оқу құралдары жарық көрді.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

АСЫЛ СМАҒҰЛОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Смағұлова Асыл Смағұлқызы 1950 жылы сәуірдің 15-ші жұлдызында Ақтөбе облысының Ключевой ауданындағы Калинин колхозында дүниеге келді.

1957 жылы мектепке барып, орта мектепті Ақтөбе қаласындағы мектеп- интернатта (қазіргі «Дарын» мектебі) аяқтады. 1969-1974 жылдарда Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде оқып, тарих мамандығы бойынша тәмамдаған. 2001 жылы Алматы «Қайнар» университетін аяқтап «заңгер» мамандығын алды.

1974-1979 жылдары оқытушылық қызметін Мартук, кейін Хромтау аудандарында жалғастырды. 1979-1990 жылдар аралығында Торғай Облыстық оқу бөлімі жанындағы Торғай

облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы тарих-қоғамдық пәндер әдістемелік кабинетінің меңгерушісі ретінде қызмет атқарды.

Асыл Смағұлқызының ғылыми-педагогикалық, ізденушілік, творчестволық қызметі 1991-1997 жылдар аралығында Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтына аға оқытушы ретінде ауысуымен байланысты дами түсті.

1998 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих және құқықтану кафедрасына аға оқытушылық қызметке қабылданды. **2004** жылдың 7 шілдесінде *«Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік және оның қоғамдағы рөлі»* атты тақырыпта Алматы қаласындағы Қазақ Гуманитарлық Заң университетіндегі Біріккен докторлық диссертациялық Кеңесінде кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шықты.

2004-2006 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, заң факультетінің «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, 2004 жылы А.С.Смағұловаға **«доцент»** академиялық атағы, 2015 жылдан бері Қазақ - Орыс Халықаралық университетінің профессоры атағы берілді.

2006 жылы қыркүйекте А.С.Смағұлова заң факультетінің деканы болып тағайындалды. Заң факультеті кредиттік оқу жүйесіне өтуіне жағдай жасалып, факультет 2007-2008 оқу жылы толықтай кредиттік оқу жүйесіне көшті. Факультеттің материалдық - техникалық базасы жақсарып, оқытушылар мен студенттердің ғылымға көңіл бөлушілігі артты.

Нәтижесінде факультет студенттері бірнеше дүркін Халықаралық, республикалық конференциялар мен олимпиадалардың жүлдегерлері болды. Факультет студенттері

Президент атындағы степендиямен, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің гранты, облыс, қала әкімінің гранттарын ұтып алып, факультет университетінің белді де беделді бір факультетіне айналды.

Осы жылдары заң факультетінде Халықаралық, Республикалық конференциялар өткізілді. Орынбор, Челябинск, Алматы, Қырғызстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасалып, ғылыми практикалық конференцияларда тәжірибе алмасып отырылды.

Асыл Смағұлқызы өзінің зерттеу жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақ Гуманитарлық университетінде **«Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастың реттелуі»** атты тақырыпта өзінің докторлық диссертациясының тақырыбын бекіткен болатын. Сондықтан азаматтық — құқықтық пәндер кафедрасының доценті болып ауысып, өзінің зерттеу еңбегін

жалғастырды. Осы жылдар аралығында автордың **бірқатар монографиялық еңбектері жарияланды:**

- Монография: **«Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік»** Алматы «ЛЕМ» 2005ж.

- Монография: **«Дәстүрлі құқық жанаширы»**Ақтөбе-2010ж

- Монография: **«Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелуі және проблемалары»(теориялық және тәжірибелік ізденіс)** . Алматы 2010ж.

- Монография: **«Теоретико-правовое исследование особенностей правового регулирования гражданских отношений в традиционном обществе(на основе анализа казахского обычного права)»-** Алматы 2012.

А.С.Смағұлова өзінің монографиялық еңбектерімен қатар бірнеше оқу құралдарының

авторы. Солардың ішінде «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы (оқу құралы, Ақтөбе, 2002 ж.), «Қазақ әдет-ғұрып заңдары» (оқу құралы, Ақтөбе, 2003ж.), «Қазақтың әдет-ғұрып заңдары және оның қалыптасу кезеңдері» (оқу құралы, Ақтөбе, 2005ж.), «Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік»(Алматы «Lem», 2005ж.), «Қазақстан Республикасының мұрагерлік құқығы» (оқу құралы, Ақтөбе, 2006ж.), «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» (дәрістер курсы, Ақтөбе, 2006ж.), «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (жалпы бөлімі)» (оқу құралы, Ақтөбе, 2008ж.), «Қазақстан, Республикасының Азаматтық құқығы (ерекше бөлім)» (дәрістер курсы, Ақтөбе, 2009ж).

Солардың ішінде «ҚР Азаматтық құқығы» (жалпы және ерекше бөлімдер) - 2010, 2012,2014 жж. заңнамалардағы өзгерістерді ескере отырып қайтадан басылып шықты.

Сонымен қатар «Халықаралық жеке құқық», «Мұрагерлік құқық», «ҚР Әкімшілік құқығы», «ҚР Отбасы құқығы» сияқты күрделі пәндер мен арнаулы пәндерден де оқу құралдары жарияланды.

Студенттердің өз бетімен берілген тапсырманы орындауға көмекші оқу құралдары ретінде пайдалану үшін «Ежелгі кезеңдегі құқықтық мұралар»- оқу құралы -2013жылы, «Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің әдет заңдары» атты оқу құралы-2013 жылы»,Тарихи тұлғалардың ұлттық, саяси, құқықтық көзқарастары » атты оқу құралы - 2014 жылы Ақтөбеден баспадан шығарылды.

2018 жылы «Адам құқықтарын қорғау, «Қазақстандағы жеке меншікті қорғау», «Қазақ әдет заңдарындағы мұрагерлік», 2019 жылы Алматыдан «Дәстүрлі құқық жүйесінің әдет заңдары», Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «Дәстүрлі қазақ әдет-ғұрып құқығындағы

азаматтық қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктері атты монография жарияланып студенттердің қолданылуы үшін университет кітапханаларына берілді.

Автордың 2019 жылы өзінің азаматтық қатынастағы қазіргі өзекті мәселелерді Қазақстандағы қолданылған дәстүрлі әдет заңдарымен салыстыра отырып жасаған мақалалары мен өз өмірі мен педагогикалық қызметтің қыр - сырын, отбасылық құндылықтарды баяндайтын «Нұрлы өмір белестері» атты еңбегі Ақтөбе қаласында жарияланды.

Соның ішінде 2019 жылы Алматыдан жарыққа шыққан 3 оқу құралы Қазақстанда баспамен жасалған шартқа сәйкес таратылуда.

Бұл еңбектер университеттің Әдістемелік Кеңесі және университеттің Ғылыми Кеңесінен өтіп жарияланған болатын. Сонымен дипломдық, диссертациялық жұмыстар жазу бойынша

әдістемелік нұсқаулар мен әр пәнге арналған
силлабус өзге де оқу процесін жетілдіруге арналған
әдістемелік нұсқаулары баспадан шығып
студенттердің қолдануына берілген.

А.С.Смағұлова 2013 жылдан бері облыстық
әкімдіктің ішкі істер жөніндегі саясат бөлімінің
жанында құрылған интеллектуалдық топтың
белсенді мүшесі. Осы топтың қолдауымен
Қарағанды қаласында Әйтеке бидің 370
жылдығына арналған конференцияға қатысып,
баяндама жасады.

2015, 2018 жылдары Қызылордада облысы
Арал қаласында өткен Ақтан батыр Ақайұлының
ерлігін ұлықтаған мерейтойға қатысып, баяндама
жасады. Ақтөбе облысы, қаласында өткізіліп
жүрген саяси шаралар мен ғылыми
конференциялардың белсенді мүшесі.

Қырғызстан, Ресей және Қазақстанда
өткізілген Халықаралық, Республикалық ғылыми
конференциялармен осы елдерде шығарылатын

құқықтық журналдарда жарияланған *200 тарта* ғылыми мақалалары бар.

2022 жылы. Университеттің ұсынуымен Астана. «Эдельвейс Орда» баспасынан шыққан «Қазақстанның Алтын кітабына» шыққан болатын.

Бұл кітап қазақ елінің дамуына септігін тигізіп, өнегелі, еңбегімен елге танылған қайраткерлерге арналған болатын. Асыл Смағұлқызы әлі де өз қызметін жалғастыруда және ғалымның биылғы оқу жылында жарыққа шыққан бірқатар еңбектері бар, олар: «Шежірелі өлке-Табантал»-энциклопедиялық еңбек.

«Ғылыми еңбектер мен таңдамалы мақалалар жинағы», Қазақстан Республикасының азаматтық қатынастарындағы міндеттемелік құқық» - монография. «Дәстүрлі әдет заңдарындағы адам құқықтарының қорғалуы»-монография.

А.С.СМАҒҰЛОВАНЫҢ АЛҒАН МАРАПАТТАРЫ

1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің 40 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталды. Ақтөбе -2006 жыл.
2. Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің 20 жылдығына арналған «Алтын қанат» Орденімен марапатталды. ҚХОУ дамуы мен қалыптасуына,отандық білім беру мен ғылымға үлес қосқан, мамандарды тәрбиелеу мен педагогикалық жұмыста лайықта қызмет еткені үшін. Ақтөбе-2014жыл.
3. Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті 2015ж «Институт деңгейіндегі білім-тәрбие беру ісінде және институт жұмыстарын дамытуда зор үлес қосқаны үшін»- алғыс хат.

4. 2015 жылы 25 маусымда «Қос Шынар» Әлия-Мәншүк қоғамдық бірлестігі өткізген «Жеті жарғыдан Ата заңға дейін» атты ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналған конференция. Алғыс хат. (Ақтөбе, 2015ж).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «Еуразиялық экономикалық Одақ: стратегиясы және жүзеге асыру механизмдері» YII Халықаралық ғылыми конференция жұмысына белсене араласқан үшін. Алғыс хат (Ақтөбе, қазан 2015ж.)
6. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «Еуразиялық экономикалық Одақ: стратегиясы және жүзеге асыру механизмдері» YII Халықаралық ғылыми конференцияда «Үздік баяндама » номинациясы бойынша. Алғыс хат (Ақтөбе, қазан 2015ж.)

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 тамыздағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасына 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды - Ақтөбе, 2015 жыл.
8. Қазақ Хандығының 550 жылдығына арналған Республикалық деңгейдегі мерекелік медалімен марапатталды.
9. 2015 жылы 14 қарашадағы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.
10. 2016 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі атағы берілді.
11. Асыл Смағұлқызы 2020 жылы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалінің иегері.

АСЫЛ СМАҒҰЛОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

2002

1.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: оқу құралы / А. С. Смағұлова. - [б. м.]: РИО, 2002. - 250 б.

2.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Ерекше бөлім: Оқу құралы / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2002. - 91 бет.

2005

3.**Смағұлова А.С.** Қазақтың әдет-ғұрып заңдары және оның қалыптасу кезеңдері: Оқу құралы / А. С. Смағұлова. - [б. м.], 2005. - 145 б.

4.**Смағұлова А.С.** Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік: Монография / А. С. Смағұлова. - [б. м.] : Изд-во LEM, 2005. - 168 б.

2007

5.Смағұлова А.С. Студентке арналған силлабус: Азаматтық құқық (Ерекше бол!м). 2 курс (семестр 4) / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2007. - 55 бет.

2009

6.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Ерекше бөлім. Дәрістер курсы / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: К. Жубанов ат. АМУ РББ, 2009. - 190 бет.

2012

7.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: 050301 - Құқықтану маманд. 2 курс студ. арн. шарттар үлгілерінің жинағы / А. С. Смағұлова, Р. С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ РББ, 2012. - 95 бет.

8.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (Ерекше бөлім): 2 курс студ. арн. глоссарий / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 9 бет.

9.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (Ерекше бөлім): 050301 - Құқықтану мамандығының күндізгі бөлімінің 2 курс студ. арн. семинар сабақтары б/ша әдістемелік нұсқау / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 67 бет.

10.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (Ерекше бөлім): 050301 - Құқықтану маманд. күндізгі бөлімінің студ. өзіндік жұмыстарына арн. әдістемелік нұсқау / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 39 бет.

11.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (жалпы бөлім): 050301-Зантану маманд. студ. арн. қысқаша дәрістер курсы / А.С.

Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 124 бет.

12.**Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы (жалпы бөлім): 050301 - Құқықтану маманд. күндізгі бөлімінің 2 курс студ. арн. семинар сабақтарына әдістемелік нұсқау / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 29 бет.

13.**Смағұлова А.С.** Халықаралық дербес құқық: 050301 - Құқықтану маманд. күндізгі бөлімінің 4 курс студ. арн. студенттің өзіндік жұмысына әдістемелік нұсқау / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 37 бет.

14.**Смағұлова А.С.** Халықаралық дербес құқық: 050301 - Құқықтану маманд. күндізгі бөлімінің 4 курс студ. арн. семинар сабақтарына әдістемелік нұсқау / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 36 бет.

15.**Смағұлова А.С.** Халықаралық жеке құқық: 4

курс студ. арн. Глоссарий / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 8 бет.

16.*Смағұлова А.С.* Халықаралық жеке құқық: 050301 - Құқықтану маманд. күндізгі бөлімінің 4 курс студ. арн. есептер жинағы / А.С. Смағұлова, Р.С. Жалтырбаева. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 36 бет.

2013

17.*Смағұлова А.С.* Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің әдет заңдары: оқу құралы / А. С. Смағұлова. - Жумабаева А.А, Смағұлов А.А. - Ақтөбе: Қазақ - Орыс Халықаралық университетінің Редакциялық - баспа бөлімі, 2013. - 218 бет.

18.*Смағұлова А.С.* Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Қысқаша дәрістер курсы / А.С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АМУ РББ, 2012. - 129 бет.

2014

19.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: к изучению дисциплины / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2014. - 37 бет.

20.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Сызбалар жинағы / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2014. - 41 бет.

21.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: 5В030100 - Құқықтану маманд. студ. арн. оқу құралы / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2014. - 145 бет.

22.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Ерекше бөлім / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2014. - 191 бет.

23.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының

еңбек құқығы: Дәрістер курсы / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ РББ, 2014. - 67 бет.

24.*Смағұлова А.С.* Қазақстан Республикасының еңбек құқығы: Сызбалар жинағы / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2014. - 55 бет.

25.*Смағұлова А.С.* Халықаралық жеке құқық: Дәрістер курсы / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ РББ, 2014. - 61 бет.

2017

26.*Смағұлова А.С.* Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы бойынша глоссарий: к изучению дисциплины / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Жұбанов ат.АӨМУ БО, 2017. - 17 бет.

27.*Смағұлова А.С.* Қазақстан республикасының мұнай құқығы пәні бойынша альбом -кесте: к изучению дисциплины / А. С. Смағұлова. - Ақтөбе: Жұбанов ат.АӨМУ БО, 2017. - 18 бет.

2019

28.Смағұлова А.С. Дәстүрлі қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктері: монография / А. С. Смағұлова. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 440 бет.

29.Смағұлова А.С. Дәстүрлі құқық жүйесінің әдет заңдары: оқу құралы / А. С. Смағұлова. - Алматы: CyberSmith, 2019. - 228 бет.

30.Смағұлова А.С. Ежелгі және орта ғасырлық құқықтық мұралар: оқу құралы / А. С. Смағұлова. - Алматы : CyberSmith, 2019. - 208 бет

31.Смағұлова А.С. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұрагерлік: монография / А. С. Смағұлова. - Алматы: CyberSmith, 2019. - 176 бет.

32.Смағұлова А.С. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Оқу құралы / А. С. Смағұлова, А. А. Смагулов. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов ат. АӨУ, 2019. - 268 бет.

2021

33. **Смағұлова А.С.** Қазақстан Республикасының
Азаматтық құқығы: Оқу құралы / А. С. Смағұлова,
А. А. Смагулов. - Алматы: "Medet Group" ЖШС,
2021. - 262 бет.

АСЫЛ СМАҒҰЛОВАНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАР

1. Аязбиұлы А. Англо-саксондық құқықтық жүйе және сот прецедентін қазақ қоғамына енгізу. Магистрлік диссертация. - Ақтөбе, 2023. - 173 б. (Жетекші: А.С.Смағұлова).

2. Даулеткелдиева М.Б. Цифрлық революция дәуірінде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері. Магистрлік диссертация. - Ақтөбе, 2023. - 283 б.
(Жетекшісі: А.С.Смағұлова).

3. Тәуірбай Г.М. Бала құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл құқықтық институтының қалыптасуы: конституциялық – құқықтық зерттеу. Магистрлік диссертация. - Ақтөбе, 2023. - 260 б. (Жетекші: А.С.Смағұлова).

***АСЫЛ СМАҒҰЛОВАҒА АРНАҒАН
ШӘКІРТТЕРІНІҢ ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ***

Қиял жетпес осы бір дара тұлға
Нұрдан туған, ерекше жаратылған
Дүниеге тіршілік, тыныс беріп,
Шапағаттың шуағы таратылған.

Ұстаздардың ішінде білімді, әрі көріктісі,
Тоймас еді көркіне көріп кісі.
Озық оймен, пәктігін айқындаған
Құдіреттің еркесі, еріктісі.

Кербез бір кез киікше керілесіз,
Гүл-гүл жайнап, жасарып төңірегіңіз.
Қашан, қайдан қарасаң тамсандырып,
Таң нұрындай құлпырып көрінесіз.

Сізге түскен тәңірдің назары ма,
Бағы жанып, ашылған ажары да.

Еңбегіңіз ғылыммен өрнектеліп,
Ұланғайыр айналған базарына.

Бекер қарап апайым жатпайтұғын,
Жүйрік жарап, студентті баптайтұғын
Кішіпейіл, әдепті, кісілікті,
Құрмет тұтып жақсыны жақтайтұғын.

Жөңкіліп бүгінгі кеш жосылғанда,
Сөз таппай Әйгерім де тосылған ба?
Өлеңнен шашу шашып жіберейін,
Апайымның торқалы 60 жас бұл тойында.

Жарасып осы кеште апайменен,
Жыр саулап төгілгендей жүрегімнен.
Іргесін бекітейін осы кештің
Көл – көсір айтылған ақ тілегіммен.

Салтанат құрып көңіл сарайында,
Нұрлансын атар таңның арайында.

Баянды болып бақыт тек Сіз үшін,
Береке, бірлік берсін басыңызға.

Алғысына еңселі едің бөленеді,
Қадірлейді ел қашанда ойы тереңді.
Аштыңыз сіз заңгерліктің түндігін,
Жалғастырып білім нәрін кемеліне.

Ғылымды алға сүйреп, жанды да қинадыңыз.
Мазасыз талай күндер зерттеп оны,
бойға күшті жинадыңыз.
Азаматтық құқықты дәл болжаған,
Юрфактың ардақтысы
Сіз – студент пен әріптестер сыйлаған.

Юрфакқа аян ғажайып әрбір ісіңіз,
Тоқтамайды алғысы студенттің
Факультетте асқақтап есіміңіз
Жылдарменен бір жүрер Сіздей кісі.

Бар тарих, ұстаз елдің тереңінде! –
Деп тартты, жалын лаулап жүрегінде
Арманы ізгіліктің жолын нұсқап
Қайсар күш, жалын ұрттап, жанған өмір!
Ырыздық, қанағатты алла берсін,
Көл көсір,
Бекзат, асыл жан екенсіз
Мінезіңіз үйлесімді салмағына
Орныңыз бар, тең келмейді хан тағы да.

Бел-белес, шыққан тауыңыз биіктесін,
Жаратқан жанға қуат жиып берсін!
Сіздей жанға қарсы келер пенде болса,
Қайтадан шыққан жерден туып келсін!

Юрфакта декан боп та басқардыңыз
Шығатын биік болсын әлі де асқарыңыз
Алпыстың адырына міне шығып,
Артқа бір тура жолды тастадыңыз.

Білімімен тамсантақан студентті,
Ардақ тұтам мен Сіздей ұстазымды.
Ізеті мол, салмақты, сабырлы әрі,
Бағалаттың баршаға қадірінді.

Жаса деймін факультеттің құшағында асқақтап,
Біз жүрейік жүрген жерде бір мақтап.
Ағайыныңыз, бала- шаға аман боп,
Үлкен- кіші жүрсін Сізді ардақтап.

Майлыбаева Әйгерім Өтегенқызы

Оңай емес ұстаз болу жалғанда,
Ұстаз жүгі сірә, жеңіл болған ба?
Оған керек ақыл-ойың, жігерің,
Оған керек сыршыл мінез, талғам да.
Төзе білген ұлы еңбектің сынына,
Ұсғаздықтың шықтың биік шыңына,
Талай жылдар білім беріп келгенсіз,

«Жұбановтың» ұлы менен қызына
Шәкірттерің талай жерде жүр көктеп,
Сіз көрсеткен сара жолмен өрнектеп,
Шаңырағыңыз өсе берсін гүл көктеп,
Шәкірттерің жүрер сізді құрметтеп.

Ешмағамбатов Бақытжан

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	<i>5</i>
<i>Асыл Смағұлованың өмірі мен шығармашылығы.</i>	<i>6</i>
<i>Асыл Смағұлованың марапаттары.....</i>	<i>17</i>
<i>Асыл Смағұлованың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.</i>	<i>20</i>
<i>Асыл Смағұлованың жетекшілігімен қорғалған диссертациялар.....</i>	<i>27</i>
<i>Асыл Смағұловаға арнап шығарған шәкірттерінің өлеңдер жинағы.....</i>	<i>28</i>